

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

сабақтастығын талдай отырып, ғылыми бағдар дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008. – 158 б
2. Әдебиет порталы. Шерхан Мұртаза шығармашылығы. Қаралған күні 21.01.26
<https://madenportal.kz/literature/serxan-murtaza-sygarmasylygy1>
3. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. – 415 б.
4. Аймұхамбет Ж., Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Структуралық әдебиеттану және мәтін талдау. Оқулық. – Алматы: Жазушы, 2025. – 387 б
5. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Жазушы, 2020. – 288 б

МРНТИ 17.71.07

Ильясова Гүлден Жеткергенқызы

Астана қаласының

Т.Жүргенов атындағы «№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ КЕЙІПКЕР МІНЕЗІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында мақал-мәтелдерді кейіпкер мінезін интерпретациялау құралы ретінде қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтінді талдау барысында мақал-мәтелдердің тәрбиелік және танымдық әлеуетін айқындау. Мақалада фольклорлық мұра мен көркем әдебиеттің сабақтастығы көрсетіліп, «Айман – Шолпан», «Ер Тарғын», С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» шығармалары негізінде практикалық үлгілер ұсынылады. Нәтижесінде бұл әдістің оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденеді.

Түйін сөздер: мақал-мәтел, көркем мәтін, кейіпкер мінезі, интерпретация, функционалдық сауаттылық.

Қазақ мақал-мәтелдері – ауыз әдебиетінің ең байырғы әрі мазмұны жағынан аса салмақты саласы. Олар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, дүниетанымын, моральдық-этикалық ұстанымдарын көркем де ықпал түрде жеткізетін рухани қазына болып табылады. Мақал-мәтелдерде

халықтың ақыл-ойы, ойлау мәдениеті, өмірге көзқарасы жинақталып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде берілген. Ахмет Байтұрсынов мақалға мынадай түсініктеме береді: «Мақал тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан көрі мақал маңызды, шыны келеді» [1. 129 б.] десе, Мәлік Ғабдуллин мақал-мәтелдің құрлысына қарай бөліп, түсініктеме береді: «Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: біріншісі – айтайын деген ойын ашық етіп бірден, турасынан білдіреді («Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың – тірлігі жоқ», т.б.). Екіншісі — негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы соңғы түрге енеді [3, 119 б.]. Осы түсініктемелерден кейін қазақ мақал-мәтелдерінің көркемдік табиғаты ерекше екендігі анық көрінеді. Олардың басым көпшілігі өлең үлгісінде құрылып, дыбыстық үндестікке, ұйқасқа, ассонанс пен аллитерацияға негізделеді. Сөздердің өзара үйлесуі мен ырғақтық құрылымы ойды ықшам әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердің мағынасы терең, астарлы болып келуі де олардың тәрбиелік және танымдық құндылығын арттыра түседі. Мысалы, академик Мұхтар Әуезов қазақ мақал-мәтелдерін былайша сипаттайды: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы. Мақал-мәтел дегеніміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз. Мақал тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте, ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құрылады» [2, 394 б.] дейді.

Көркем әдебиет – халықтың тарихи жады мен рухани болмысын танытатын басты құрал. Әдебиеттің ұлттық ерекшелігі фольклорлық мұрамен тығыз байланысты. Фольклорлық шығармалардан нәр алған көркем әдебиет халықтың таным-түсінігін, салт-дәстүрін, моральдық қағидаларын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдерді әдеби шығармаларды талдау барысында қолдану – мәтін мазмұнын терең ұғындырудың тиімді жолы.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту басты міндеттердің бірі болып отыр. Әдебиет сабағында көркем мәтінді өмірмен байланыстыра талдау, кейіпкер әрекетін бағалау, дәлелді пікір айту дағдыларын қалыптастыру – осы міндетті жүзеге асырудың маңызды тетігі. Бұл үдерісте мақал-мәтелдер көркем мәтінді интерпретациялаудың пәрменді құралы ретінде қызмет атқарады. Себебі қазақ әдебиеті сабағындағы негізгі мақсат мақал-мәтелдерді кейіпкер мінезін интерпретациялау құралы ретінде қолданудың әдістемелік тиімділігін айқындау және сол арқылы оқушыларға қазақ мақал-мәтелдерінің көркемдік, тәрбиелік және танымдық ерекшеліктерін, көркем мәтін мен мақал-мәтел арасындағы мазмұндық байланыстарын, кейіпкер мінезін ашуда мақал-мәтелдерді қолданудың әдістемелік үлгілерін ұсынып, олардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы рөлін дәлелдеу.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде мақал-мәтелдер халықтың тарихын, моральдық-этикалық нормаларын, эстетикалық талғамын, психологиясы мен педагогикалық көзқарасын бейнелейтін көркем энциклопедия ретінде қарастырылады. Ғалымдар мақал-мәтелдердің тәрбиелік

қызметіне ерекше мән беріп, оларды жас ұрпақты адамгершілікке, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің пәрменді құралы деп көрсетеді. Мысалы, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы, профессор Қ.М.Байтанасова өзінің «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: “Мақал-мәтелдер - тәрбиелік мәні күшті, балаларды жақсылыққа баулап, жамандықтан аулақ болуға үгіттейтін өнегелі сөз. Сондықтан оқушыларға мақал- мәтелдерді оқытудың тәрбиелік мәні зор” екендігін айтады [4, 50 б.].

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы мақал-мәтелдер арқылы талданып, олардың мағыналық сәйкестігі мен тәрбиелік мазмұны айқындалады. Сабақ барысында қолданылған әдістемелік үлгілер практикалық тәжірибеге негізделеді.

Мақал-мәтелдерді көркем мәтінді талдау үдерісінде қолдану оқушының мәтінді терең түсінуіне, кейіпкер бейнесін жан-жақты тануына мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушыны дайын тұжырымнан гөрі өздігінен ой қорытуға жетелейді.

Мысалы, «Айман - Шолпан» поэмасын оқыту барысында оқушылардың сөздік қорын молайтып, шешен сөйлеуге үйрету, кейіпкер мінезін алуда мақал - мәтелді дәл, нақты қолдана білу - ұстаз шеберлігінің дәлелі.

Бұл білімді жинақтау сабағындағы эпиграф:

«Ашу - дұшпан, ақыл - дос,

Ақылына ақыл қос»

Бүкіл шығарманың идеясын танытатын дәл айтылған мақал поэманың мәнін ашумен қатар, кейіпкер мінездеріне мегзеу де жасайды. Поэманың әр эпизодын ашып түсіндірген соң, Айман бейнесіне байланысты мынадай сұрақтар әзірлеуге болады:

1. Батыр мен байлар бүлдірген бірлікті кім түзейді?
2. Ел ішіндегі татулықты сақтау үшін не істеді?
3. Айман образын талдай отырып, қандай арман ойға оралады?
4. Өз заманында әлеуметтік іске араласып, ақыл парасатымен екі рулы елді табыстырған Айманның азаматтығын қалай бағалаймыз?

Кейіпкердің іс әректін ашу мақсатындағы сұрақтар талданған соң, сұрақ – жауап арқылы мынадай мақалдар айтылады. Бұл мақалдар Айман образын терең талдауға мүмкіндік береді.

1. «Қыз - ауылдың көркі» Жырдан осы мақалды ашатын жолдарды тауып оқы.
2. «Суды құм бөгейді,
Дауды қыз бөгейді» Айманның қандай іс-әрекетін білдіреді?
3. Айманның ел қамқоры болған қасиетін дәлелдермен түсіндір.
4. «Қыз қылығымен сүйкімді» Ол кім?
5. Айман қай қылығымен биікке көтерілді?
6. «Қапияда қатын ақыл табады» Бұл қай кейіпкердің қандай қасиетін ашады?
7. «Ақылды басшың болса- адаспассың»
Айман қай қырынан көрініс тапқан?

8. «Сабыр түбі-сары алтын»
Ел бірлігін сақтаудағы Айман мінезінің бір биігін дәлелдеп түсіндір.
9. «Жақсы адам- елдің ырысы»
«Ел ырысы» деген атқа иә болғандай Айман образын талда
10. «Қатынның асылы-ісінен білінеді» Ол кім? Әрекетін түсіндір?

Мақал - мәтел	Кім?	Дәлелдеме
«Айласыз батыр алдырар»	Көтібар	Әлібектің шабуылына қарсылық көрсете алмау
«Ер шекіспей, бекіспейді»	Маман мен Көтібар	Ерегестің, басқыншылықтың Айманның ақылының арқасында татулықпен аяқталуы
«Кәдесіз қыз болмайды»	Айман мен Шолпанның қалың малы	Құдалық салттың киті
«Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы»	Көтібар	Теңгедей тоқалы болса да, айманға көз салуы
«Асарын асаған, жасарын жасаған», «Төрінен көрі жуық»	Көтібар	Көтібардың жасның үлкендігі туралы айтылған
«Атадан жақсы ұл туса елінің қамын жейді»	Арыстан, Айман	Екі елдің бірлігін сақтауда, Арыстан мен Айманның ерлігі
Жас туса, жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір	Арыстан Шолпан Әлібек Айман Арыстан Шолпан	Махаббатқа адал жастардың сүйіспеншілігі туралы
Інісі бардың - тынысы бар	Арыстан	Ақылы артық інінің ағаға қолдау, қорғау болуы
«Әй дейтін «әже», қой дейтін «қожа» жоқ»	Көтібар	Тұра бас сап, Маманбайдың аулын шауып алуы
Жаман әйел - ұрыс	Теңге	Айманның алдынан шығып долылық мінез көрсетуі. Қызғаншақтық пен ақылсыздық.
«Кесірлі ауыздан кесепатты сөз» «Сүйектен өткен сөз жаман» «Екі қошқардың бас бір қазанға сыймайды»	Маман, Көтібар	Алтын үйге таласқан екеуінің кесір сөздері туралы

Ашу – дұшпан, ақыл дос Ақылыңа ақыл қос	Поэма кейіпкерлерінің бәріне тең	Адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне айтылған нақыл сөз
--	----------------------------------	---

Сонымен қатар, «Ер Тарғын» жырын оқытуда да мақал-мәтелдер кейіпкерлер мінезін сипаттаудың тиімді құралы болып табылады. Тарғын мен Ақжүніс бейнелерін салыстыра отырып, оқушылар өздері мақал-мәтелдерді таңдап, олардың мағынасын кейіпкер әрекетімен байланыстырады. Бұл тәсіл оқушының танымдық белсенділігін арттырады.

1. Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас.
2. Ханға ерген ерін құшақтар
3. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
4. Жаман сыйлағанды білмейді.
5. Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер.
Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер.
6. Үйренген жау атыспаққа жақсы.
7. Мұзға сүйенбе, жауға сиынба.
Жауға жаныңды берсең де, сырынды берме.
8. Саяқ жүрсең, таяқ жерсің.
9. Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кім жазықты?» романын талдауда мақал-мәтелдерді қолданудың тиімділігі зор. Әжібай бейнесі (Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің).

Мінездеме	Дәлелдеме	Түйін (мақал түрінде)
Тәрбиесіз	Кезбе, мағынасыз өмір кешеді	Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін
Екі жүзді	Әппақайға өтірік жақсы болып көрінуі	«Әй» дейтін әже «қой» дейтін қожа жоқ
Арамза	Қыздың сүйген жігітін қудалауы	Жаман бала – күйік
Шаруаға қырсыз	Жұртта қалған мал қырылып, дәулеті әлсірейді	Қарғайын десе жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым
Ұры	Алыстан ұрлап мал алдырады	Ұрлық түбі – қорлық
Жауапсыз	Отағасы бола алмауы, әйелдер тағдырына немқұрайды қарауы	Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын

Қазақ әдебиеті сабақтарында мақал-мәтелдерді кейіпкер мінезін интерпретациялау құралы ретінде қолдану – оқушылардың көркем мәтінді

терең меңгеруіне, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруына және функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін тиімді әдістемелік тәсіл. Мақал-мәтелдер арқылы оқушы халық даналығын көркем шығарма мазмұнымен сабақтастырып, өмірлік мәні бар тұжырымдар жасайды.

Мақал-мәтелдерді қазақ әдебиеті сабақтарында кейіпкер мінезін интерпретациялау құралы ретінде қолдану оқушылардың мәтінді терең түсінуіне, ой қорытуына, дәлелді пікір айтуына ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушының функционалдық сауаттылығын арттырып, ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. Атамұра, 2003.
2. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960.
3. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2013.
4. Қ.М. Байтанасова, С.Ш. Айтуғанова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Фалиант, 2008.

ГРНТИ 16.21.33

Алыбаева Альфия Узбековна

учитель русского языка и литературы

КГУ «Алмалинская средняя школа с дошкольным мини-центром»
село Алмалы Сарканский район Жетысуская область

ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ – БАЗОВЫЙ КОМПОНЕНТ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Аннотация. Статья посвящена грамотности чтения, которая представляет способность человека понимать, использовать, оценивать и анализировать текстовую информацию, которая является ключевым компонентом функциональной грамотности. Грамотность чтения не ограничивается техникой чтения. Он направлен на критическое мышление, социализацию, а также на решение жизненных проблем. Ключевые аспекты грамотности чтения включают поиск и получение информации, интерпретацию и анализ.

Ключевые слова: грамотность чтения, функциональная грамотность, текст, техника чтения, русский язык.

Читательская грамотность – одна из главных составляющих функциональной грамотности – сегодня актуальна как никогда. Современные дети преимущественно обладают так называемым «клиповым мышлением», когда информация воспринимается фрагментарно. При этом наблюдается поверхностное погружение в её суть. Основным источником информации в процессе обучения является текст, к которому мы, учителя русского языка,